

- Оқушыларды жас ерекшелігіне қарай  
ОҚЫТУ

- Орындаған: Алдабаев.Б

- Қабылдаған: оқытушы Ахметова.А.Т

# Балалардың жас ерекшеліктері

- Ерте балалық шақ кезеңі 1-3 жас
- Мектепке дейінгі кезең 4-6 жас
- Мектеп кезеңі 7-18 жас
- Ересек кезеңі 18 жастан кейін



# Жас ерекшеліктері тұрғысынан оқу үдерісі

Оқудағы  
бихевиористикалық  
тәсіл (мінез –  
құлықты зерделеу)  
Джон Уотсон,  
Эдварл Торндайк

Оқудағы танымды  
тәсіл Пиаже,  
Выготский

Оқудағы гуманистік  
тәсіл  
Маслоу мен Роджерс

Оқудағы әлеуметтік  
– жағдаяттық тәсіл  
Альберт Бандура

Зейін  
Хаган мен Хейл  
1973

Жады

# Жас ерекшеліктері тұрғысынан оқу үдерісі

## Оқудағы бихевиористикалық тәсіл

Психологиядағы бихевиористикалық бағыт ортамен өзара байланыстағы мінез-құлықты зерделеу үшін эксперименттік рәсімдерді пайдалануды қарастырады.

Бихевиоризмнің негізін салушы **Джон.Б.Уотсон**. «Түрткі - реакция» моделін әзірлеп, онда орта оған орай тұлға әрекет ететін түрткілерді өндіруші ретіне қарастырған. **Эдвард.Л.Торндайк** сияқты зерттеуші осы идеяны негізге ала отырып, Т-Р оқу теориясын әзірледі. Олар мінез – құлық нәтижесінде реакция күшейетінін немесе әлсірейтінін атап көрсеткен. **Скинер** осы көзқарасты бұдан әрі дамытты және ол қазір «оперантты шарттылық» ретінде белгілі: адамдардың лайықты іс –әрекеттерін ынталандыру мақсатында оларды көтермелеу, ал тоқтатылуы қажет мінез-құлықты елемей олар үшін жаза қолдану.





## **Оқудағы гуманистік тәсіл**

Бұл тәсілде адамның өсуіне ерекше назар аударылған. Бұл тәсілдің негізін өалаушылар-**Маслоу мен Роджерс (1970-1980)**.

Бұл тәсілде адамның өсудегі әлеуетіне ерекше назар аударылады. Бұл әдіс адамдарға оқу объектілері ретінде қарауға қарсы шығып, сол арқылы бостандық, таңдау, уәж және сезімдерді қамтитын эмоционалдық және субъективті әлем бар екенін растады. Бұл ретте ең белгілі мысал Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы болуы мүмкін.

Оқудағы гуманистік тәсілді анағұрлым толығырақ зерттеген **Карл Роджерс**. Оның зерттеуі логикалық және интуитивті, зият пен сезім үйлесім тапқан барлық тәжірибесімен білімімен қоса алғанда жеке тұлғаны толық қамтиды. «Осындай тәсілмен оқығанда біз бүтінбіз біз еркекке және әйелге тән қабілеттерімізді толық жүзеге асырамыз.

# Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы



Өзін – өзі таныта білу  
Тұлғалық өсуі және өзін-өзі іске  
асыруы

Құрмет көрсетілуін қажет ету  
Жетістік, мәртебе, жауапкершілік, бедел,

Сүйіспеншілікке және қарым-қатынасқа деген қажеттілік  
Отбасы, сезім, байланыс, ұжым және т.б

Қауіпсіздікке деген қажеттілік  
Қорғау, тәртіп, заң, шек қою, тұрлаулылық т.б

Биологиялық және физикалық қажеттіліктер  
Негізгі өмірлік қажеттіліктер: ауа, тамақ, су, баспана, жыныстық қатынас,  
ұйқы және т.б



## **Оқудағы танымдық тәсіл**

Бихеовиристтер ортаны зерттеген болса, Гештальт теориясының ізбасарлары тұлғаның ақыл-ой үдерістеріне сүйенген. Осылайша, білім алу әрекеті немесе үдерісі ретінде сана оларды едәуір қызықтырған.

**Жан Пиаже, Мария Монтенссори және Лев Выготский** сияқты теоретиктер оқу және даму мазмұнының ұқсастығын анықтай отырып, танымдық тәсілді дамытуда одан әрі ілгерілеген. Ғалымдар кіші жастағы балалар дәл өзін қоршаған ортамен және адамдармен әрекеттесу кезінде оқу және даму жүзеге асады деп сендірген. Зерттеуші **Жан Пиаже** ортаның әсерін мойындап, ішкі танымдық құрылымдағы өзгерістерді зерттеді. Ол психикалық дамудың төрт сатысын (сенсорлы-моторлық, оперативтің алдыңғы, оперативті және оперативтіден кейінгі) айқындады. **Джером Брунер** жаңалық ашу арқылы оқудың маңызын атап көрсетіп, ақыл ой үдерісінің оқытумен өзара байланысу мүмкіндіктерін зерттеді.



## **Оқудағы әлеуметтік - жағдаяттық тәсіл**

Оқушылар әлемді түсіну үшін құрылымдар мен модельдерді игеріп қана қоймай өз құрылымы бар ортаға қатысады. Зерттеген Алберт Бандура.

**Зейін оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан** Хаган мен Хейл (1973) біздің селективті зейінімізге еске сақтаудың белсенді сипаты айтарлықтай әсер ететінін анықтады.





# Жады



**Қысқа мерзімді (жұмыс жадысы)**  
**Аткинсон мен Шифрин (1968)**  
қысқа мерзімді есте сақтау  
адамның жадында негізгі орын  
алатынын анықтады. **Баддели мен**  
**Хичтің** кейінгі жұмыстарында ол  
Жұмыс жадысы деп аталды.

**Ұзақ мерзімді: рәсімдік, эпизодтық,  
семантикалық**

**Тулвинг (1895)** жылы ұзақ мерзімді  
жадыны үш компонентке бөлуді  
ұсынды.

**Рәсімдік жады**- әрекеттерді қалай  
орындау керек екендігі туралы, мысалы,  
қасықпен тамақ ішу, түйме тағу, секіру,  
қаламмен жазу сияқты іс-қимылдар  
арқылы дамиды біздің білімімізді  
сақтайтын «қойма».

**Эпизодтық жады** дегеніміз біздің  
тәжірибеміздің толық тізімі алғашқы  
болып сақталатын жүйе. Көзбен шолу  
аса маңызды болғанына қарамастан,  
эпизодтық жадыға басқа ақпараттар –  
сезім мүшелерінен келетін ақпараттар да  
кіреді.

**Семантикалық жады**- біздің  
естеліктеріміздің бір бөлігі, онда біз  
эпизодтарды немесе оқиғаларды, біздің  
белгілі бір тәжірибемізден шығаратын  
ойларысызды, идеяларысызды, жалпы  
қағидаларды есте сақтаймыз.

# Метасана

- Тұлғаның өзін өзі тануы және өз танымдық үдерістері мен стратегиясын қалыптастыру. Метасана жай ойлап әрі біліп қана қоймай, адамдардың қалай ойлайтынын, не білетінін қарастыра отырып, өзіндік рефлексия жасау мүмкіндіктерін зерделеу қабілетіне жатады.

● Флейвелл, 1979

# Пайым

Ұқсастық бойынша  
пайымдау

Моральдік пайымдау  
(Нормативке дейінгі,  
дәстүрлі моральдік,  
нормативтен кейінгі)




# Зерде теориясы

- ❖ Ұстаным
- ❖ Тілек
- ❖ Ниет
- ❖ Елестету
- ❖ Эмоциялар

# Шығармашылық оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Шығармашылық үдеріске, өнімге немесе жеке тұлғаға қатысты қарастырылады және ол арқылы бірегей, жоғары сапалы және дана нәтижелер шығатын тұлғааралық әрі тұлғаішілік үдеріс деп сипатталады. (Barron, 2002)



Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуға арналған зерттеулердің негізгі ерекшеліктері олардың оқу сабақтарын балалар үшін қызықты, тартымды және маңызды етуге бағытталуы болып табылады.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

